


Маусым айының 24-і күні Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің әкімшілік ғимаратында БАҚ өкілдеріне арналған «Ғылым мен инновация – ел экономикасын дамытудың тетігі» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің басқарма төрағасы-ректоры, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқар Нәметов атқарылған істердің нәтижесі мен алдағы жоспарларға тоқталып, журналистердің сауалдарына жауап берді. Аграрлық саланы дамыту, ел экономикасын ілгерілетуге бұл саланың тигізер пайдасы

дадық. Біздің ғалымдарымыз суды үнемдеу, жайылымдылық жерлерді суландыру, тиімді және экологиялық жағынан таза мал шаруашылығын құру, қой жүнін пайдаға асыру секілді еліміз бойынша өзекті мәселелерді ғылыми жолмен шешуге атсалысып келеді. Мысалы, құс шаруашылығын дамыту мақсатында үйректің жаңа кроссын аштық. Оларды Петропавл қаласындағы «Бескөл» құс фа-



Заманауи технологияларды енгізудің маңызы зор

мен нәтижесі жөнінде кеңінен баяндады.

Негізгі үш бағытқа басымдық береді

— «Ауыл шаруашылығындағы барлық мүмкіндікті іске асыру мақсатында еңбек өнімділігін едәуір арттыру қажет. Сондықтан аграрлық ғылымды дамытудың, агроөнеркәсіп кешеніне заманауи технологияларды енгізудің мәні зор» деп Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, экономика азық-түлік қауіпсіздігі, аштықпен күрес, климаттық өзгерістер сынды әлемдік дағдарыстардың ықпалынан және цифрландыру, жасанды интеллект секілді жаңа бағыттардың енгізілуіне байланысты жаңа бетбұрыстарға қадам басуда. Аграрлық ғылымның ғылыми жетістіктері де экономикадағы осындай өзгерістерге және мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына бағытталуда. Осы ретте Жәңгір хан университетінің ғалымдары еліміздің ауыл шаруашылығын, аграрлық ғылымды дамытуда жаңа бағыттарға бет бұрып, қомақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Осы саясатты іске асыру үшін университет негізгі үш бағытқа басымдық беріп отыр. Алдымен ғалымдарымызды ғылыми дәрежедегі зерттеулермен шектелмей, ғылыми ізденістерін экономикаға енгізуге бағыттадық. Ғылыми зерттеулерімізді экономикаға енгізу үшін бірнеше тәсілдерді қолдандық (трансферттік технология, патенттерді коммерцияландыру, шаруашылықтарға апроприация ретінде енгізу). Инфрақұрылымымызды өзгертіп, ғылыми зертханалар ашып, оның жұмысын кәсіптік бағытқа бейімдеп, ғылыми дәрежеде қызмет көрсетуге көштік.

Бұл ретте технологиялық даму орталығын ашып, ғылымды коммерцияландырумен айналысатын маман дайында-

брикасына енгіздік, нәтижесінде үйректің жаңа кросстары сол өңірде сатылуда. Үйректердің аналық өзегін (племенное ядро) алып қалып, оның тиімділігіне ғылыми зерттеу жүргізудеміз. Яғни, үйректердің қазақстандық тұқымын ашу бағытында жұмыс жасаудамыз, - деді Асқар Мырзахметұлы.

Жаңа мамандықтар ашылған

Кейінгі үш жылда ірі қара өсірумен айналысатын 15 шаруашылықта селекциялық жұмыстар жүргізілген. Әрқайсының тұқым сапасы бойынша жоғары сыныпты шаруашылықтар қатарына қосылуына үлес қосқан. Енді жасанды ұрықтандыру жолымен жаппай асылдандыру жұмыстарына кіріспек. Жайылымдық жерлерді қалпына келтіру, құнарлылығын арттыруды бірнеше шаруашылыққа енгізіп, іске асырды. Сонымен қатар, жем-шөп дақылдары мәселесін қолға алып, тиімділігін әрі құнарлылығы жоғары болуын жүзеге асыру мақсатында университет ғалымдары шетелден дәнді дақылдардың түрлі сорттарын облысымызға әкеліп, оның жергілікті жерге бейімділігін тексеруде. Тағы бір зерттеу бағыты – малдың төлі туа салысымен генотиптеу негізінде олардың мутациялық өзгергіштігін, таза тұқымдылығын, төзімділігін, өнімділік қасиеттерін анықтау. Жүргізілетін зерттеулер мал табындарын құрудың теориялық және практикалық аспектілерін кеңейтуде үлкен маңызға ие. Өйткені асылдандыру саласындағы жаңа селекциялық шешімдер негізінде қарқынды типті мал өсіруге мүмкіндік туады. Асыл тұқымды құндылықты геномдық бағалауды пайдалану төлдерді ерте іріктеуге мүмкіндік береді. Бұл өнімділік көрсеткіштері бойынша генетикалық өсуге және генерациялық аралықты қысқартуға ықпал етеді. Осылайша бизнеске, шаруашылықтарға инвестициялық

кезеңдегі шығындарын азайтуға жәрдемдеседі. Университет ғалымдары жерасты суларын шаруашылыққа және тұрмысқа пайдалануға қолжетімді ету үшін суды арнайы сорбенттер арқылы сүзгіден өткізіп, оның құрамындағы кермектілігі мен тұздылығын азайту бағытында ғылыми жұмыстар жүргізіп, оны енгізу жолымен айналысуда.

Кадр даярлау да еліміздегі экономикалық өзгерістерді ескере отырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында білім беру саласына өзгерістер енгізілді. Заман талабына сай цифрлық технология, ғылыми және экономикалық білім беру жүйелері жүзеге асуда. Жоғары білім ордасын бітіруші түлектерге кәсіпкерлік білім беріп, содан соң өзінің бизнесін ашатындай немесе ірі бизнес компанияларда жетекші маман қызметін атқара алатындай дәрежеге бағыттауда. Дуалды білім беру жүйесі арқылы студенттерге теорияны тәжірибемен ұштастыра меңгертеді. Оқу бағдарламаларына да өзгеріс енгізіліп, робототехника, цифрлық экономика, индустриалдық менеджмент бағыттары бойынша жаңа мамандықтар ашылған.

Он бес жоба іске асырылуда

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің басқарма төрағасы-ректоры Асқар Нәметовтің айтуынша, университет қызметі мемлекетпен және аграрлық-техникалық бейіндегі бизнес индустриясының өкілдерімен өзара іс-қимылға негізделген. – Университетті дамытудың басты бағыттары – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық зерттеулер және білім мен ғылымдағы заманауи ақпараттық технологиялар. Өңіріміздегі ірі кәсіпорындармен және өндіріс ошақтарымен түрлі бағытта келісімшарттарға

отырып, мақсат-мүдделерімізді іске асырып келеміз. Ғылымның дамуымен қатар, білім беруде кәсіпорындардың тапсырысы бойынша және жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптары бойынша кадрлар дайындаудамыз. Қазақстанның Батыс өңірі экономикасының түрлі салаларына бағытталған 85 білім беру бағдарламасы іске асырылуда (жоғары оқу орнынан кейінгі 17 бағыт және 19 бағыт, оның ішінде бесеуі – докторантура). Барлық білім беру бағдарламалары IQAA халықаралық аккредиттеу агенттігінде аккредиттелген. Білім беру бағдарламаларын жаңарту және жаңадан құру тетігі қолданылады. Әдетте, мамандықтар тез ескіреді, сондықтан жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін біз форсайт-сессиялар, яғни белгілі бір кәсіби қызмет саласында зерттеулер жүргіземіз, - деді басқарма төрағасы.

Сондай-ақ цифрлық оқытуға, кәсіпкерлік дағдыларға және студенттерді практикалық даярлауға баса назар аударылады. Бейіндік пәндер бойынша сабақтардың кем дегенде 30 пайызы қаланың бейіндік кәсіпорындарында өткізіледі. Кәсіпорындардың (БҚМК, Зенит зауыты және Стексервис) тапсырыстары бойынша бірлесіп жаңа білім беру бағдарламасы-индустриялық менеджмент әзірленді. Студенттердің сабақтарының бір бөлігі олардың базасында өткізіледі. Ерте жұмысқа орналастыру жүйесін іске асыра отырып, бітіру курстарында тағылымдама ұйымдастырылады. Жан-жақты талдау жасай отырып, олардың жұмысқа орналасу моделін жасақталған. Түлек жұмысқа орналасудың дәстүрлі моделін ғана емес, оқу процесінде стартаптарды дамыта отырып, болашақта жұмыс орындарына орналаса алады. Аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Етті мал шаруашылығында, қой шаруашылығында модельдік фермалар құра отырып, жоғары тиімді жаңа технологияларды енгізу, табынды жылқы шаруашылығы технологиясы, етті-жүнді және қылшық жүнді етті-майлы бағыттағы биязы жүнді қойларды бағалау, ҚР және шет елдерде өсірілетін қолданудың әртүрлі бағыттарындағы (тұқымдарындағы) жылқыларды өсіру тақырыптары бойынша семинарлар мен көшпелі кеңсестер өткізіледі. Әртүрлі зертханалық талдаулар жүргізу бойынша қызметтер көрсетіледі: топырақтың агрохимиялық талдауы, өсімдіктердің минералды қоректенуінің әлеуетін анықтау және оңтайландыру мақсатында топырақты кешенді талдау, ауыл шаруашылығы жануарларының азығын талдау, ІҚМ мен жылқыларды ДНҚ-паспорттау және тағы да басқа.

Асыл тұқымды шаруашылықтарға бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша жедел сынау және бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау қызметтері көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын 1 253 538 664 теңге сомасына 15 жоба іске асырылуда: гранттық қаржыландыру шеңберінде бес жоба - 432 799 097 теңге, жас ғалымдардың үш жобасы - 223 830 046 теңге, «Жас ғалым» бес жобасы - 99 909 521 теңге, бір бағдарламалық нысаналы қаржыландыру ғылыми - техникалық бағдарламасы - 450 000 000 теңге және бірлесіп орындаушылық ретінде бір бағдарламалық нысаналы қаржыландыру ғылыми-техникалық бағдарламасы - 47 000 000 теңге.

Осылайша университет ұжымы ғылыми жобалар мен ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау барысында көптеген негізгі нәтижелерге қол жеткізуде.

Гүлжан СЕРІКҚЫЗЫ